

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 наурыздағы № 187. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 553 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2007 N 553 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта:

|                         |                                  |
|-------------------------|----------------------------------|
| "Жандосов Ораз Әлиұлы   | - Қазақстан Республикасы         |
|                         | Премьер-Министрінің бірінші      |
| орынбасары, төраға      |                                  |
| Кешубаев Ғалиаусат      | - Қазақстан Республикасы         |
| Қайырбекұлы             | Премьер-Министрінің Кеңсесі      |
|                         | Басшысының орынбасары, төрағаның |
| орынбасары              |                                  |
| Бектасов Әбен Ағыбайұлы | - Қазақстан Республикасы Бағалы  |
|                         | қағаздар жөніндегі ұлттық        |
|                         | комиссиясының төрағасы (келісім  |
|                         | бойынша)"                        |

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

|                         |                                   |
|-------------------------|-----------------------------------|
| "Жандосов Ораз Әлиұлы   | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
|                         | Министрінің орынбасары,           |
|                         | Қазақстан Республикасының         |
| Қаржы министрі, төраға  |                                   |
| Бектасов Әбен Ағыбайұлы | - Қазақстан Республикасы          |
|                         | Мемлекеттік кіріс вице-министрі,  |
| төрағаның орынбасары    |                                   |
| Кешубаев Ғалиаусат      | - Қазақстан Республикасы Премьер- |
| Қайырбекұлы             | Министрінің Кеңсесі Басшысының    |
| орынбасары";            |                                   |

Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру процестерін үйлестіру жөніндегі комиссияның құрамына енгізілсін:

"Өмірбаев Әділхан  
Әбдірахманұлы

- Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері  
жөніндегі агенттігі төрағасының  
орынбасары - Атқарушы  
директоры "

Александр Сергеевич Судьин, Рашид Алтайұлы Аманжолов көрсетілген  
құрамнан шығарылсын ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерді ақпараттандыру  
процестерін үйлестіру комиссиясы туралы ережеде:

II "Негізгі міндеттері" деген тараудың 4-тармағы мынадай мазмұндағы  
абзацтармен толықтырылсын :

"2000 жылдың басынан бастап ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі  
проблемалары жөнінде (2000 жылдың проблемасы) Үкіметке материалдар  
дайындау ;

ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тілде жұмыс істеуі процестерін үйлестіру  
"

III "Комиссияның қызметін ұйымдастыру" деген тарау мынадай мазмұндағы  
12-тармақпен толықтырылсын :

"12. Комиссияның жұмыс органының функциясы Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің "Бас есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік  
кәсіпорнына жүктелсін " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі